

## Екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1033 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12733 болып тіркелді

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулардың тізбесі бекітілсін.

2. «Екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 222 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11048 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 20 мамырда жарияланған) күші жойылды  
д е п т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің интернет-ресурсында жариялауды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2015 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 1033 бұйрығымен бекітілген

## Екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулардың тізбесі

1. Ішектің пенетрациясымен және іштен қан өтумен асқынған іш сүзегі мен паратифтер
2. Сальмонеллездік септицемия
3. Ботулизм, асқынған нысаны
4. Амебиаз, асқынған нысаны
5. Бактериологиялық және гистологиялық расталған тыныс ағзаларының туберкулезі
6. Бактериологиялық және гистологиялық расталмаған тыныс алу ағзаларының туберкулезі
7. Басқа ағзалардың туберкулезі
8. Милиарлық туберкулез
9. Ооба
10. Туляремия
11. Түйнеме, өкпелік нысаны
12. Декомпенсация сатысындағы созылмалы өткір және ауыр дәрежедегі өткірге жуық бруцеллез
13. Асқынған нысандағы сап және мелиоидоз
14. Бүйректерді зақымдайтын лептоспироз
15. Алапес (Гасен ауруы)
16. Асқынған нысандағы листериоз
17. Дифтерия, уытты нысаны
18. Менингококкалық инфекция
19. Стрептококколық септицемия
20. Басқа септицемия
21. Миокардитпен асқынған бөртпе сүзегі
22. Өткір полиемиелит
23. Орталық жүйке жүйесінің баяу вирустық инфекциялары
24. Құтыру
25. Маса вирустық энцефалит
26. Кене вирустық энцефалит

27. Басқа айдарларда жіктелмеген, басқа да вирустық энцефалиттер
28. Анықталмаған вирустық энцефалиттер
29. Вирустық менингит
30. Орталық нерв жүйесінің басқа айдарларда жіктелмеген, басқа да вирустық инфекциялары
31. Орталық нерв жүйесінің вирустық инфекциясы
32. Бүйрек синдромымен асқынған геморрагикалық безгек
33. Герпетикалық менингит
34. Герпетикалық энцефалит
35. Ауыр дәрежедегі А вирустық гепатиті
36. Ауыр дәрежедегі В вирустық гепатиті
37. Комамен анықталмаған вирустық гепатит
38. Адамның иммун тапшылығы вирусы (ВИЧ) туғызатын ауру
39. Менингитпен асқынған эпидемиялық паротит
40. Кандидоздық менингит
41. Кандидоздық септицемия
42. *Plasmodium falciparum* тудыратын малярия, асқынған нысаны
43. *Plasmodium vivax* тудыратын малярия, асқынған нысаны
44. *Plasmodium malariae* тудыратын малярия, асқынған нысаны
45. Лейшманиоз, висцеральдық нысаны
46. Токсоплазмалық менингоэнцефалит
47. Басқа ағзаларды зақымдайтын токсоплазмоз
48. Экинokokкоз
49. Цистицеркоз
50. Еріннің қатерлі ісігі
51. Тілдің қатерлі ісігі
52. Қызыл иектің қатерлі ісігі
53. Ауыз қуысы түбінің қатерлі ісігі
54. Қызыл иектің ішкі бөлігінің қатерлі ісігі
55. Ауыздың басқа да анықталмаған бөлігінің қатерлі ісігі
56. Құлақ маңы сілекей безінің қатерлі ісігі
57. Анықталмаған үлкен сілекей бездерінің басқа да қатерлі ісіктері
58. Бадамша бездің қатерлі ісігі
59. Жұтқыншақтың қатерлі ісігі
60. Аңқаның қатерлі ісігі
61. Алмұрт тәрізді синустың қатерлі ісігі
62. Жұтқыншақтың төменгі бөлігінің қатерлі ісігі
63. Еріннің, ауыз қуысы мен жұтқыншақтың басқа және таралуы дәл белгіленбеген қатерлі аурулары

64. Өңештің қатерлі ісігі
65. Асқазанның қатерлі ісігі
66. Ащы ішектің қатерлі ісігі
67. Тоқ ішектің қатерлі ісігі
68. Ректосигмоидтық қосылыстың қатерлі ісігі
69. Тік ішектің қатерлі ісігі
70. Құйрық пен тік ішектің қатерлі ісігі
71. Бауыр мен бауыр ішілік өт жолдарының қатерлі ісігі
72. Өт қабының қатерлі ісігі
73. Өт шығару жолдарының басқа да анықталмаған бөліктерінің қатерлі ісігі
74. Ұйқы безінің қатерлі ісігі
75. Ас қорыту органдарының басқа да таралуы дәл белгіленбеген қатерлі ісігі
76. Мұрын мен орта құлақ қуысының қатерлі ісігі
77. Қосымша қуыстардың қатерлі ісігі
78. Көмей мен кеңірдектің қатерлі ісігі
79. Қолқа мен өкпенің қатерлі ісігі
80. Айырша бездің қатерлі ісігі
81. Жүректің, көкірек қуысы мен өкпе қабының қатерлі ісігі
82. Тыныс алу органдары мен кеуденің ішкі органдарының басқа да таралуы дәл белгіленбеген қатерлі ісігі
83. Сүйектің және буын шеміршектерінің қатерлі ісігі
84. Терінің қатерлі меланомасы
85. Терінің басқа да қатерлі ісіктері
86. Мезотелиома
87. Капоша саркомасы
88. Шеткі нервтер мен вегетативтік нерв жүйесінің қатерлі ісігі
89. Шарбы асты кеңістігі мен шарбының қатерлі ісігі
90. Біріктіруші және жұмсақ тіндердің басқа да үлгілерінің қатерлі ісігі
91. Сүт безінің қатерлі ісігі
92. Әйелдің сыртқы жыныс мүшесінің қатерлі ісігі
93. Қынаптың қатерлі ісігі
94. Жатырдың қатерлі ісігі
95. Жатыр мойны қатерлі ісігі
96. Анабездің қатерлі ісігі
97. Шарананың қатерлі ісігі
98. Ер адамдардың жыныс мүшелерінің қатерлі ісігі
99. Бүйректің, бүйрек түбекшесінің қатерлі ісігі
100. Зәр жолының, зәр қабының қатерлі ісігі
101. Көздің және оның қосымша аппаратының қатерлі ісігі

102. Мидың және ми қабықтарының қатерлі ісігі
103. Жұлынның, бас сүйегі нервтерінің және орталық нерв жүйесі бөліктерінің қ а т е р л і і с і г і
104. Қалқанша бездің қатерлі ісігі
105. Бүйрек үсті безінің қатерлі ісігі
106. Басқа да эндокриндік бездер мен туыстас құрылымдардың қатерлі ісігі
107. Басқа да дәл белгіленбеген орналасулардың қатерлі ісігі
108. Лимфатикалық түйіндердің екінші және анықталмаған қатерлі ісігі
109. Тыныс алу және ас қорыту органдарының екінші қатерлі ісігі
110. Басқа орналасулардың екінші қатерлі ісігі
111. Ходжкин ауруы (лимфогранулематоз)
112. Фолликулярлық ходжкиндік емес лимфома
113. Диффуздық ходжкиндік емес лимфома
114. Шеткі және терілік т-клеткалық лимфомалар
115. Ходжкиндік емес лимфоманың басқа да анықталмаған үлгілері, лимфосаркома
116. Қатерлі иммунопролиферативтік аурулар
117. Көпше миелома және қатерлі плазмоклеткалық ісіктер
118. Лимфолейкоз
119. Миелолейкоз
120. Моноцитарлық лейкоз
121. Анықталған жасушалық үлгідегі басқа да лейкоздар
122. Анықталмаған жасушалық үлгідегі лейкоз
123. Лимфоидтық, қан жасаушы және оларға туыстас тіндердің басқа да және анықталмаған қатерлі ісіктері
124. Дербес (бірінші) көпше орналасулардың қатерлі ісігі
125. Ауыз қуысының, өңештің және асқазанның карцинома in situ
126. Басқа да анықталмаған ас қорыту органдарының карцинома in situ
127. Орта құлақ пен тыныс органдарының карцинома in situ
128. Терінің карцинома in situ
129. Сүт безінің карцинома in situ
130. Жатыр мойнының карциномасы
131. Басқа да және анықталмаған жыныс ағзаларының карцинома in situ
132. Басқа да және анықталмаған орналасулардың карцинома in situ
133. Ауыздың, жұтқыншақтың, сілекей бездерінің қатерсіз ісігі
134. Тоқ ішектің, тік ішектің және құйрықтың қатерсіз ісігі
135. Орта құлақтың және тыныс алу ағзаларының қатерсіз ісігі
136. Сүйектердің және буын шеміршектерінің қатерсіз ісігі
137. Сүт безінің қатерсіз ісігі
138. Анабездің қатерсіз ісігі

139. Ер адамдардың жыныс ағзаларының қатерсіз ісігі
140. Көздің және оның қосымша аппаратының қатерсіз ісігі
141. Мидың және орталық нерв жүйесі бөліктерінің қатерсіз ісігі
142. Қалқанша бездің қатерсіз ісігі
143. Феохромоцитома және басқа нейроэндокриндік ісіктер
144. В 12 витамині және фолиево тапшылығы анемиясы
145. Гемолитикалық анемиялар
146. Апластикалық анемиялар
147. Қанның ұйығыштығының бұзылуы, пурпура және басқа геморрагикалық жағдайлар
148. Агранулоцитоз
149. Көкбауыр аурулары
150. Эссенциалдық тромбоз
151. Метгемоглобинемия
152. Гистиоцитоз
153. Құрама иммун тапшылығы
154. Саркоидоз
155. Гипотиреоз
156. Мойын ағзаларын қысу синдромымен IV-V дәрежедегі уытты емес алқым ісігі (зоб)
157. Тиреотоксикоз (гипертиреоз)
158. Тиреоидит
159. Қант диабеті
160. Гипопаратиреоз, гиперпаратиреоз
161. Гипофиздің гиперфункциясы
162. Гипофункция және гипофиз функцияларының басқа да бұзылулары
163. Иценко-Кушингтің синдромы
164. Аденогенитальдық бұзылулар
165. Бүйрек сырты жетімсіздігі
166. Гиперальдостеронизм
167. Бүйрек сырты функцияларының басқа да бұзылулары
168. Айырша бездің тұрақты гиперплазиясы
169. Айырша бездің абсцесі
170. Карциноидтық синдром
171. Амилоидоз
172. Шизофрения
173. Асқынған менингит
174. Өрескел неврологиялық түсулермен энцефалит, миелит және энцефаломиелит
175. Өрескел неврологиялық түсулері бар бас сүйек ішіндегі және омыртқа ішіндегі

- а б ц е с с пен г р а н у л е м а
176. Айқын неврологиялық синдромы бар орталық нерв жүйесінің қабынуы  
ауруларының бөлектелген зардаптары
177. Паркинсон ауруы, екінші паркинсонизм
178. Айқын функционалдық бұзылулары бар басқа да экстрапирамидтік және  
қимылдық бұзылулар
179. Жаңғалақтық склероз
180. Ес-түсінен айырылатын қояншық
181. Қызметтерінің өрескел бұзылулары бар иық тұтасуларының зақымдануы
182. Басқа айдарларда жіктелген аурулар кезіндегі нерв түбіршектері мен  
тұтасуларының қысылуы
183. Қолдың мононевропатиясы
185. Тұқым қуалайтын және идиопатиялық невропатия
186. Қабынған полиневропатия
187. Басқа да полиневропатиялар
188. Басқа айдарларда жіктелген аурулар кезіндегі полиневропатия
189. Myasthenia gravis және нервтік-бұлшық еттік синапстың басқа да бұзылулары
190. Декомпенсация сатысында жиі ұшығулары бар басқа да миастениялар
191. Балалардың церебриалдық параличі
192. Гемиплегия
193. Параплегия мен тетраплегия
194. Басқа да параличтік синдромдар
195. Гидроцефалия
196. Уытты энцефалопатия
197. Мидың басқа да зақымданулары
198. Жұлынның басқа да аурулары
199. Басқа өткір конъюнктивиттер
200. Көз пемфигойды
201. Склерит
202. Көз қабығының жарасы, іріңді нысаны
203. Интерстициалдық және терең кератит
204. Жабысқақ лейкома
205. Буллездік кератопатия
206. Қарапайым ұшықтың вирусы негізіндегі кератит және кератоконъюнктивит
207. Басқа айдарларда жіктелген, басқа да жұқпалы және паразитарлық аурулар  
кезіндегі кератит пен кератоконъюнктивит
208. Басқа да иридоциклиттер
209. Мөлдір қабықтың және цилиарлық дененің басқа да анықталған аурулары
210. Афакия

211. Хориоретинальдық қабыну
212. Қан құйылу және көздің қан тамыры қабығының жарылуы
213. Көз торын шел басуы және оның жарылуы
214. Көз торы қан тамырларының бітелуі
215. Ретинальдық қан құйылу
216. Көздің қабынып ауруы салдарынан болған қайталама глаукома
217. Шыны тәріздес денеге қан құйылу
218. Эндотальмит
219. Көру нервісінің невриті
220. Ретробульбарлық неврит және басқа айдарларда жіктелген ауру
221. Мастоидит және емізік тәрізді өсіндінің басқа да аурулары
222. Орта құлақтың холестеатомасы
223. Вестибулярлық функцияның бұзылулары және бас айналу синдромы
224. Жүрекке әсер ететін ревматикалық безгек
225. Ревматикалық хорей
226. Ревматикалық миокардит
227. Созылмалы ревматикалық перикардит
228. Бүйректік жетімсіздігі бар бүйректі негізінен зақымдайтын гипертензивтік ( гипертониялық ) ауру
229. Негізінен жүрек пен бүйректерді зақымдайтын гипертензивтік (гипертониялық) ауру
230. Миокардтың өткір инфарктісі
231. Миокардтың қайталама инфарктісі
232. Миокардтың өткір инфарктісінің кейбір ағымдағы асқынулары
233. Жүректің (бұрын миокардтың инфарктісі болған) созылмалы ишемиялық ауруы
234. Жүректің аневризмасы
235. Өкпе эмболиясы
236. Өкпе артериясының аневризмасы
237. Өткір перикардит
238. Өткір және өткірірек эндокардит
239. Өткір миокардит
240. Кардиомиопатия
241. Жүректік жетімсіздік
242. Субарахноидальдық қан құйылу
243. Миға қан құйылу
244. Шағын нысандарын қоспағандағы ми инфарктісі
245. Қолқаның аневризмасы және шарбылануы
246. Аневризманың басқа нысандары



247. Шеткі қан тамырларының басқа аурулары (Лериш синдромы)
248. Эмболия және артерияның тромбозы
249. Бронхоэктатикалық ауру
250. Өкпенің және көкірек қуысының абсцессі
251. Өңештің басқа аурулары (күйгеннен кейінгі тарылулар)
252. Терең жарамен асқынған гангрена бар, кетпейтін бір жақты немесе анықталмаған шаттағы жарық
253. Терең жарамен асқынған гангрена бар кіндіктің жарығы
254. Терең жарамен асқынған алдыңғы іш қабырғасының гангрена без бітелген жарығы
255. Терең жарамен асқынған алдыңғы іш қабырғасының жарығы
256. Терең жарамен асқынған, гангрена без бітелген диафрагмалық жарық (параэзофагальдық)
257. Терең жарамен асқынған, гангренамен бітелген диафрагмалық жарық
258. Крон ауруы
259. Жаралы колит
260. Ішектің өткір қантамырлық аурулары
261. Тесілулермен асқынған перитонит
262. Басқа айдарларда жіктелген жұқпалы аурулар кезіндегі шарбының зақымдануы
263. Бауырдың уытты зақымдануы
264. Басқа айдарларда жіктелген бауырлық жетімсіздік
265. Басқа айдарларда жіктелген созылмалы гепатит
266. Бауырдың циррозы
267. Кәдімгі, жасанды өт тесілуімен асқынған өттегі тас ауруы (холелитиаз)
268. Шарбы іші флегмоносымен және панкреонекрозбен асқынған өткір панкреатит
269. Денеге жайылған пустулездік псориаз
270. Артропатикалық псориаз
271. Уытты эпидермалдық некролиз (Лайелла)
272. Серопозитивтік ревматоидтық артрит
273. Коксартроз (жамбас сан буындарының артрозы)
274. Түйінді полиартериит және сол тектес жағдайлар
275. Жүйелі қызыл жегі
276. Дерматополимиозит
277. Біріктіруші тканьдердің басқа да жүйелі зақымдануы
278. Шорбуындаушы спондилит
279. Остеомиелит
280. Сүйек туберкулезі
281. Айқын неврологиялық түсулері бар миелопатиялы мойын бөлігі омыртқааралық дискісінің зақымдануы

282. Бел және айқын түбіршекті синдромы бар миелопатиялы басқа бөліктер мен омыртқааралық дискілердің зақымдануы
283. Өткір нефриттік синдром
284. Жедел өршитін нефриттік синдром
285. Нефротикалық синдром
286. Өткір бүйректік жетімсіздік
287. Созылмалы бүйректік жетімсіздік
288. Эндометриоз
289. Ұрықтың белгіленген немесе болжалды патологиялық басқа жағдайлары кезінде анаға көрсетілетін медициналық көмек
290. Шараналық бұзылулар
291. Жалған толғақтар (түсік тастау қауіптері)
292. Басқа айдарларда жіктелген, бірақ ананың жүктілігін, босануын және босанғаннан кейінгі кезеңін күрделендіретін басқа да аурулар
293. Тернер синдромы
294. Басқа айдарларда жіктелмеген, жыныс хромосомаларының, әйелдер фенотиптерінің басқа да аномалиялары
295. Басқа айдарларда жіктелмеген, жыныс хромосомаларының, ер адамдар фенотиптерінің басқа да аномалиялары
296. Басқа айдарларда жіктелмеген, хромосомалардың басқа да аномалиялары
297. Бас сүйектің және бет сүйектерінің сынуы
298. Бас сүйек қауашағының және негізінің сынуы
299. Көз ұясы түбінің сынуы
300. Жақ сүйегінің, жоғары және төменгі иектердің сынуы
301. Бас сүйегі мен бет сүйектерінің көп жерден сынуы
302. Көру нервтерінің және көру жолдарының жарақаттануы
303. Көз қозғаушы нервтерінің жарақаты
304. Бөгет нервтерінің жарақаты
305. Үш тармақты нервтің жарақаты
306. Бұру нервсінің жарақаты
307. Бет нервсінің жарақаты
308. Есту нервсінің жарақаты
309. Қосымша нервтің жарақаты
310. Бас сүйектің басқа да нервтерінің жарақаты
311. Көз бен көз ұясының жарақаты
312. Көздің ішіндегі еттің ояндауы немесе жоғалуымен көздің жырық жарақаты
313. Бөгде затпен немесе олсыз, көз ұясының терең жарасы
314. Көз алмасының түсуі
315. Бас сүйектің ішіндегі жарақат

316. Мидың жарақатты ісігі
317. Мидың ошақтық және диффузиялық жарақаты
318. Эпидуральдық қан құйылу (жарақаттық)
319. Субдуральдық жарақатты қан құйылу
320. Ұзаққа созылған ес-түссіз жағдаймен бас сүйектің ішіндегі жарақат
321. Бастың мылжалануы
322. Бастың бөлігін травматикалық кесу
323. Дабыл жарғағының травматикалық жарылуы
324. Бастың кеп жерден жарақаттануы
325. Көмейге, кеңірдекке, қалқанша безге, жұтқыншаққа және өңештің мойындық бөлігіне тиетін ашық жарақат
326. Омыртқаның мойындық бөлігінің сынуы
327. Мойын деңгейіндегі омыртқааралық дискінің травматикалық жарылуы
328. Мойын омыртқаның шығуы
329. Мойын деңгейіндегі көп жерден шығулар
330. Нервтердің және мойын деңгейіндегі жұлынның жарақаты
331. Омыртқа артериясының жарақаты
332. Мойын деңгейіндегі бірнеше қан тамырының жарақаты
333. Кеуде омыртқаның сынуы
334. Омыртқаның кеуде тұсындағы көп жерден сынуы
335. Кеуде бөлігіндегі омыртқааралық дискінің травматикалық жарылуы
336. Көкірек қуысының басқа және анықталмаған бөлігінің орнынан тайып шығуы
337. Кеуде тұсындағы нервтер мен жұлынның жарақаты
338. Қолқаның кеуделік бөлігі мен жүректің жарақаты
339. Көкірек қуысының басқа және анықталмаған ағзаларының жарақаты
340. Көкірек қуысының мылжалануы және көкірек қуысының бір бөлігін травматикалық кесу
341. Көкірек қуысының көп жерден жарақаттануы
342. Іштің, арқаның төменгі бөлігінің және санның ашық жарақаты
343. Омыртқаның бел-құйымшақ бөлігінің және жамбас сүйектерінің сынуы
344. Бел-құйымшақ бөлігіндегі омыртқааралық дискінің травматикалық жарылуы
345. Бел омыртқаның шығуы
346. Құйымшақ-мықын буынының және құйымшақ қосылысының шығуы
347. Қасаға буынының травматикалық жарылуы (қасағаның мүшеленуі)
348. Нервтердің және іштің деңгейіндегі жұлынның белдік бөлігінің, арқа мен жамбастың төменгі бөлігінің жарақаты
349. Қолқаның іш бөлігінің жарақаты
350. Мықын қан тамырларының жарақаты
351. Іштің деңгейіндегі бірнеше қан тамырларының, арқа мен жамбастың төменгі

б ө л і г і н і ң

ж а р а қ а т ы

352. Іш қуысы ағзалары мен жамбас ағзаларының жарақаты

353. Іш бөлігінің, арқа мен жамбастың төменгі бөлігінің мылжалануы және оларды  
т р а в м а т и к а л ы қ к е с у

354. Іштің және арқа мен жамбастың төменгі бөлігінің басқа да және анықталмаған  
ж а р а қ а т т а р ы

355. Иық белдеуі мен иықтың деңгейіндегі сыну

356. Иық буынының шығуы, асқынған

357. Иық белдеуі мен иықтың деңгейіндегі нервтердің, бұлшық еттердің және  
с і ң і р л е р д і ң ж а р а қ а т ы

358. Иық белдеуі мен иықтың мылжалануы

359. Иық белдеуі мен иықты травматикалық кесу

360. Жіліншік сүйектерінің сынуы

361. Кәрі жілік басының шығуы

362. Шынтақ буынындағы анықталмаған шығу, асқынған

363. Жіліншік деңгейіндегі нервтердің, бұлшық еттердің және сіңірлердің жарақаты

364. Жіліншіктің мылжалануы

365. Жіліншікті травматикалық кесу

366. Қол басының қайық тәріздес сүйегінің және білек сүйектерінің сынуы

367. Алақан сүйектері мен қолдың басы саусақтарының көп жерден сынуы

368. Білек пен қолдың басы деңгейіндегі нервтердің, бұлшық еттер мен сіңірлердің  
ж а р а қ а т ы

369. Білек пен қол басының мылжалануы

370. Білек пен қолдың басын травматикалық кесу

371. Білек пен қол басының басқа да және анықталмаған жарақаттары, асқынған

372. Сан сүйектерінің сынуы

373. Санның шығуы, асқынған

374. Қабықтық-байланыс аппаратының, сан жамбас буынының шығуы, созылуы  
және оған артық күш түсуі, асқынған

375. Сан жамбас буыны мен санның аумағындағы нервтердің, бұлшық еттер мен  
с і ң і р л е р д і ң ж а р а қ а т ы, а с қ ы н ғ а н

376. Сан жамбас буыны мен санның аумағының мылжалануы

377. Сан жамбас буыны мен санның аумағын травматикалық кесу

378. Сирақ табан буындарын қоса алғандағы, сирақ сүйектерінің сынуы

379. Тізе үстінің шығуы, операция жасалған

380. Тізе буынының шығуы, асқынған

381. Крест тәріздес байланыстың (алдыңғы) (артқы) созылуы, жарылуы және оларға  
а р т ы қ к ү ш т ү с у

382. Сирақ деңгейіндегі нервтердің жарақаты

383. Тізе асты артериясының жарақаты
384. Өкше (ахиллдік) сіңірінің жарақаты
385. Сирақтың мылжалануы
386. Сирақты травматикалық кесу
387. Өкше және таран сүйектерінің сынуы
388. Табанның басқа сүйектерінің сынуы
389. Табан сүйектерінің сынуы
390. Табанның көп жерден сынуы
391. Сирақ-табан буынының сынуы, асқынған
392. Сирақ-табан буыны мен жедел емдеуден кейінгі табан деңгейіндегі байланыстардың ажырауы
393. Сирақ-табан буыны мен табан деңгейіндегі нервтердің, бұлшық еттер мен сіңірлердің жарақаты
394. Сирақ-табан буыны мен табанның мылжалануы
395. Сирақ-табан буыны мен табан деңгейінде травматикалық кесу
396. Дененің бірнеше бөлігін қамтитын сынықтар
397. Дененің бірнеше бөлігін қамтитын қабықтық-байланыстық аппаратының шығуы, созылуы және оларға артық күш түсуі
398. Дененің бірнеше бөлігін қамтитын мылжаланулар
399. Дененің бірнеше бөлігін қамтитын травматикалық кесулер
400. Жұлынның мойын деңгейіндегі басқа да нервтердің жарақаттарымен үйлескен мидың және бас сүйек нервтерінің жарақаттары
401. Дененің бірнеше бөлігіне әсер еткен нервтер мен жұлынның жарақаттары
402. Дененің бірнеше бөлігіне әсер еткен бұлшық еттер мен сіңірлердің жарақаттары
403. Іш қуысы мен жамбас органдарының жарақаттарымен ұштасқан кеуде жасушалары органдарының жарақаттары
404. Омыртқаның сынуы
405. Анықталмаған деңгейдегі омыртқаның және дененің басқа да жарақаттары
406. Анықталмаған деңгейдегі қолдың сынуы
407. Анықталмаған деңгейдегі қолдың басқа да жарақаттары
408. Анықталмаған деңгейдегі аяқтың сынуы
409. Аяқты анықталмаған деңгейде травматикалық кесу
410. Дененің анықталмаған бөлігінің мылжалануы және оны травматикалық кесу
411. Бас пен мойынның термиялық және химиялық күйюі
412. Дененің термиялық және химиялық күйюі
413. Білек пен қол басының үшінші дәрежедегі күйігін қоспағанда, иық белдеуі мен қол аумағының термиялық және химиялық күйюі
414. Білек пен қол басының үшінші дәрежедегі термиялық күйюі

415. Білек пен қол басының үшінші дәрежедегі химиялық күйігі
416. Сирақ-табан буыны мен табанды қоспағандағы, жамбас-сан буыны мен аяқ аумағындағы үшінші дәрежедегі термиялық күйігі
417. Сирақ-табан буыны мен табанды қоспағандағы, жамбас-сан буыны мен аяқ аумағындағы үшінші дәрежедегі химиялық күйігі
418. Сирақ-табан буыны мен табан аумағының үшінші дәрежедегі термиялық күйігі
419. Сирақ-табан буыны мен табан аумағының үшінші дәрежедегі химиялық күйігі
420. Көз алмасының жарылуына және бұзылуына алып келетін термиялық күйік
421. Көздің басқа бөліктері мен оның қосымша аппаратының термиялық күйігі
422. Көздің мөлдір қабығы мен дәнекер қабының екінші және үшінші дәрежедегі химиялық күйігі
423. Көз алмасының жарылуына және бұзылуына алып келетін химиялық күйік
424. Көздің басқа бөліктері мен оның қосымша аппаратының химиялық күйігі, асқынған
425. Тыныс жолдарының термиялық және химиялық күйіктері
426. Басқа ішкі органдардың термиялық және химиялық күйіктері
427. Дененің бірнеше бөлігінің ең болмаса бір үшінші дәреже көрсетілген термиялық күйігі
428. Дененің бірнеше бөлігінің ең болмаса бір үшінші дәреже көрсетілген химиялық күйігі
429. Анықталмаған орналасудың (дененің >20% аумағының) үшінші дәрежедегі термиялық күйігі
430. Анықталмаған орналасудың (дененің >20% аумағының) үшінші дәрежедегі химиялық күйігі
431. Тіндердің өлі еттенуі арқылы, дененің бірқатар аумағын қамтитын үсу
432. Бас пен мойынның үшінші дәрежедегі анықталмаған үсігі
433. Органикалық еріткіштердің уытты әсері
434. Галоген өндіруші алифатикалық және хош иісті көмірсутектердің уытты әсері